

Қонқабаева Н.Н.  
**Ат-Тухфа аз-Закия Фил-луғат  
ат-Түркийя ескерткішіндегі  
үй жануарларының атауы**

Мақалада «Китаб ат-Тухфат-уз-закийя фил-луғат-ит-туркийя» («Түркі тіліне бағалы сыйлық») атты ортағасырлық ескерткіштегі үй жануарларының атаулары қарастырылады. Қолжазбадан 56-ға жуық лексикалық бірліктер жинастырылып, арабша-қыпшақша нұсқасымен қатар, қазақша аудармасы да беріледі. Бірліктер түркі халықтарының айналысқан негізгі малшаруашылығы туралы мәліметтер беріп, тілдік мысалдармен көрсетіледі. Автор тарапынан тіл бірліктеріне ғылыми анализ жасалынып, Көне сөздігінен де мысалдар беріледі. Алғаш рет өзіндік, авторлық пайымдаулар мен дәлелдер келтіріп, тұжырымдама жасауға талпыныс жасалынады.

**Түйін сөздер:** қолжазба, ортағасырлық ескерткіш, қыпшақ тілі, зооним, сөздік.

---

Konkabayeva N.N.  
**The names of domestic animals  
in monument At-Tuhfa az-Zakia  
fil-Lugat al-Turki**

The article discusses the the names of domestic animals, that had given in medieval monument «Kitab al-Tuhfat-uz-zakiyya fil-lugat-it-turkiyya» («The precious gift of Turkic languages»).

**Key words:** manuscript, zoonyms, medieval monument, Kipchak language, dictionary.

---

Қонқабаева Н.Н.  
**Названия домашних животных  
в памятнике Ат-Тухфа аз-Закия  
Фил-Лугат ат-Туркия**

В статье рассматриваются названия домашних животных в средневековом памятнике «Китаб ат-Тухфат-уз-закийя фил-луғат-ит-туркийя» («Драгоценный подарок тюркскому языку»).

**Ключевые слова:** рукопись, средневековый памятник, кыпчакский язык, зооним, словарь.

**АТ-ТУҢФА АЗ-ЗАКИЯ  
ФИЛ-ЛУҒАТ  
АТ-ТҮРКИЙЯ  
ЕСКЕРТКІШІНДЕГІ  
ҮЙ ЖАНУАРЛАРЫНЫҢ  
АТАУЫ**

Ұлан байтақ жерде көшіп қонып жүрген түркі халықтары ерте кезден бастап малшаруашылығымен айналасқан. Л. Гумилев өзінің «Древние тюрки» атты еңбегінде: «Главным занятием тюркютов (после военного дела) было кочевое скотоводство.... Основным видом скота у тюркютов были овцы, кости которых часто находят при раскопках тюркютских могил. В лошадях тоже не было недостатка, и кумыс заменял тюркютам вино» [1, 45 б.]. Осы сөздердің өзінен-ақ түркі халықтарының негізі шаруашылығы малшаруашылығы болғандығы белгілі. Көне түркілер үй жан-жануарлары жылқы, қой, сиыр, түйе, ит, мысық өсіргендігі бәрімізге мәлім. Жинастырылып, қарастырылған мәліметтерден де осыны аңғаруға болады.

Талдауға ортағасырлық ат-Туһфа аз-закия фил луғат ат-түркийя және Көне Түркі сөздігінен лексикалық бірліктер жинастырылды. Ат-Туһфа ескерткішінен 35, ал Көне Түркі сөздігінен 21 зоонимдер, яғни үй жан-жануарларының атаулары жинастырылды. Олар төмендегідей:

نختی – بَاسْزَاكْ – baasraak – түйе (еркек);

إِن كَان تَاوَا – الانثى منه – inkaantawaa – түйе (ұрғашы);

صِغْرُ – بَقْرَة، إِيْتَاكْ – şığır, inaak – сиыр, бұқа;

Sığır : sığır buqa münğäsür – сиырлар мен бұқалар мөңірейді [2, 502 б.].

تَاكَا – تَيْس – taakaa – теке;

Tekä – теке : qajada jorğıli bu imya tekä/qutulmaz senin din aj ersig bögä – таста секіріп жүрген ешкілер мен текелер/батыр сенен құтылмас; iki saylıy qojun iki saylıy eçkü bir tekä bir qoçqar beş qozı – екі сауылатын қой, екі сауылатын ешкі, бір теке, бір қошқар мен бес козы [2, 550 б.].

– tekä saqal – сирек сақал мен мұртқа ие адам.

بُوْعَا، أُوْكُوْز – buuğa, uukuuz – өгіз;

Buqa: бұқа: sığır buqa münğäsür бұқалар мен сиырлар мөңірейді; semiz buqa turuq buqa tejin bilmaz eřmis ол не арық не семіз бұқа қайда екенін айта алмайды; bojun jal beđüttün buqa teğ бұқаға ұқсаттырып, мойны мен шоқтықты өсіріп алыпсың [2, 125 б.].

كَاَشَاكْ – ثِنَى الْاَيْل – kaashaak – екі жастағы түйе, нар;

دُوْنَا، قُوْنَا – duunaa, quunaa – екі жастағы өгіз, құнан;

الغنم – قُوْيُونٌ – quuiiun – екі жастағы қой, тоқты;

المعز – اِكْشِي – ikshi – екі жастағы ешкі;

Кеџі – ешкі [291 б.].

İmṡa – ешкі: qajada joṡṡılı bu imṡa teḡā – тас-та секіріп жүрген ешкілер мен текелер [2, 218 б.].

İmṡa II – салық жинаушы, қазынашы.

Jimṡa – тауешкінің ұрғашы ешкісі: qajada qaliṡılı bü jimṡa teḡā – тауда қалатын ешкілер мен текелер [2, 267 б.].

جرو – اَنْوَكٌ – aanuuk, uuruuq, kuuzhuuk – күшік;

صَوصِيرٌ، قَارَا صَيْرٌ – qaaraa šiir, šuusiir – енеке;

قَوْدُوْقٌ – quuduq – ослик;

Eᡡāk – есек: teṡvā silkinsā eᡡākkā jük ċiqar – егер түйе шайқалса, есекке жүк пайда болады; eᡡākni berginċā bu jejimni jesün – есекті саған бергенше, мына жемшөпті жесін [2, 185 б.].

Eᡡgāk – есек: eᡡgāk süti bilā iċsün – есектің сүтімен бірге ішсін.

Eᡡjāk – есек: taṡar eᡡjāk üzā artildi – дорба есектің үстіне қойылған еді.

تُوُوَا – tuua – түйе;

Devā – түйе [2, 160 б.].

Tevā – түйе: ol anin teṡvāsin ċöktürdi – ол өзінің түйесін тізесіне шөктірді [2, 557 б.].

Tevi – түйе: teṡi ċökdī – түйе тізесіне шөкті; teṡi ot keṡvādi – түйе шөп жеді [2, 557 б.].

يَابَاغْلِي – yaabaagly – құлын;

بُوْطَا – buuṡaa – бота;

Botu – 1. бота: ol botuni bozlattī – ол ботаны боздатты; inṡan inṡrāsā botu bozlar – Іңген ыңыраса, бота боздайды; 2. ауыспалы мағынада: сәби, балақай, құрметтім: aᡡiṡliṡ kiᡡilār bolur bü quṡu / bulariṡ jemā eḡḡü tuṡṡil botu – осындай деңгейдегі адамдар өте пайдалы / құрметтім, оларға жақсы күтім жаса; bu aᡡqa oqṡiṡli bolur tört quṡu / barṡiṡli jemā tört bolur aj botu – асқа шақырылған адамдардың төрт түрі болады / келетін адамдардың төрт түрі болады екен, құрметтім [2, 115 б.].

طَانَا – taanaa – бір жастағы сиыр, бұзау, тана;

شِيْشَاكٌ – shishaak – лақ;

قِيْصْرَاقٌ – qiᡡraaq – жас бие;

Qisraq: жас бие: qiᡡiṡ qiᡡsraq – төлдемеген бие; qiz birlā kürāsmā qisraq birlā jarṡma – қызбен күреспе, жас биімен жарыспа [2, 448 б.].

اَاطِيْغُرٌ – aaigir – құлын (айғыр);

Адүйір – 1. айғыр: adүйir qisir kiᡡnadi – айғыр мен байтал кісінеді; ikki adүйir iliᡡdi – екі айғыр бір-біріне салды тісті; öḡürlüḡ adүйir – үйірдегі айғыр [2, 14 б.].

Сонымен қатар, айғыр деген сөздің астрономиялық атау білдіретін тағы да бір мағынасы бар. Ол жұлдыз атауы – Сүмбіле.

Adүйir – айғыр: öḡriṡā qutluṡ adүйir meṡ – оның үйірінде мен асыл айғырмын; bajirḡuniṡ aq adүйiriṡ uḡliṡqin siṡju urti – Байыркудың ақ айғырының жамбасын сындырды [2, 10 б.].

Ajүйir – айғыр: qulan quduṡqa tüᡡsā qurbaqa ajүйir bolur – айғыр құдыққа түскен кезде, құрбақа да айғырға айналады [2, 28 б.].

– ajүйir at – айғыр: oᡡul ajүйir aṡni beḡ ċoq seviṡjür erdi – бұл айғырды ол өте қатты жақсы көрген еді; toṡuṡ күndün soṡ oṡuz qayanda ajүйir aṡni keḡdürdi – тоғыз күннен кейін Оғыз қағанға айғырын алып келді.

كاشِي – kaashi – ешкі;

اَاَاَا – aakaar – тазы ит;

جاَاَاِي، جَاَاَاِي – jaatuuk, maaji – мысық;

ċetük – мысық [2, 145 б.].

– kök ċetük – мысық [2, 313 б.].

اَاَاَاَا – aawlaaq – лақ;

قَاَاَاَاَا – qaabtuurḡaa – тазы ит;

قُوْيُونٌ، قُوْيُوِي – quui, quuiiun – қой;

Qoj – қой: teṡvā münür qoj ara jaᡡmas – түйенің үстіне отырып, қойдың ортасында тығыла алмайсың; tonum qoj jüni tap jegüm arpa aᡡ – маған киімнен қойдың жүнінен тоқылған болса, ал тағамнан арпа болса жеткілікті; amari ṡinliṡlar junt ud ċoṡar qoj laṡzin ulati ṡinliṡlariṡ ölüür – басқа тірі жаратылыстар қой, жылқы, сиыр, шошқа және тағы да басқаларды соятын [2, 453 б.].

– qoj jili – қой жылы: күнтізбе бойынша қой жылы.

Qojin – қой: ol bitig iċintā ... ud qojin toṡuz baslap ṡinliṡlarninṡ savī turur – ол қағазда сиырлар, қойлар, шошқа және басқа да жануарлардың шағымдары бар еді; qojin süti – қойдың сүті.

– qojin jil – күнтізбе бойынша қой жылы.

Qoj – қой: qajim qayan süsi böri teḡ ermiᡡ jayṡi qoj teḡ ermiᡡ – менің әкемнің әскері бөрі тәріздес болған еді, ал жаулары қой тәріздес болған еді; baj er qojṡi ürkürān barmiᡡ – бай адамның қойы қорқып қашып кетті.

– qoj jil – күнтізбе бойынша қой жылы.

Qojun – қой: adaqida bir qara qojunni bayladı – оның бастамасында ол қара қойды байлап қойды.

Qon – кой: ер qonuу sojdī – ер адам қойдың терісін алды [2, 455 б.].

طبل محر لکم طروق – бія – biia – бие;

Bi – бие: aq bisī qulunlamış – оның ақ биесі құлындады; bi qisir boldi – бие қысыр болды [2, 97 б.].

Сонымен қатар, бүйі деген екінші мағынасы да бар. Махмұт Қашғари сөздігінде кездеседі екен. Әрі жүзі яғни ұстараның деген тағы да үшінші мағынасы бар. Бұл сөз ТТ VIII А<sub>1</sub> (Берлин жинағы брахми тілінде жазылған 15 түрлі медицина, дін, күнтізбе сынды мәліметтер жазылған).

عجل – طابآ – taanaa – бұзау;

نصیل – طابلاق – taailaaq – құлын, бота, тайлақ;

كشاك – فضيك – kushak – ембейтін бота;

Botuq – бота (ембейтін) [2, 115 б.].

اآط – فرس – aat – ат;

At – ат: antay uluy ölüg barıu tüsti kim jüklämäkkä keltürmäkkä aṭ qayaṭir ud azliq boldi – соншалықты мол табыс болғандығы, ат, қашыр, бұқалар жеткіліксіз болды; ер at eḍärlädi – ер адам атты ерттеді; atında qodī tüsti – ол аттан түсті [2, 65 б.].

– at adıir – at ajuir – аттар: mingü at adıir – салт жүріске арналған аттар;

– jandiq at – қарапайым, тұқымды емес ат [2, 232 б.];

– jol atı – мінетін, мініс ат: bir jol atin tajaqıtaqı jolcıqa berzün – бір мініс атты Таяқыдағы жолаушыға берсін [2, 271 б.];

– jorıya at – жорға ат [2, 274 б.];

– özlük at – жүйрік, тұлпар ат: edgü özlük atin ... sansiz kelürüp – көптеген керемет тұлпарларды алып жеткізіп; özlük at öñ jerdä arıur tuğu qalmış – тұлпар аттың алдыңғы аяқтары арықтап кетіпті [2, 395 б.];

– qoş at – қосалқы ат [2, 460 б.];

– salıya at – тулағыш ат [2, 482 б.];

– tiş at – маңдайында қасқасы бар ат, қасқа ат [2, 569 б.];

– uyar at – маңдайында ақ қасқасы бар ат, ақ қасқа ат [2, 607 б.].

Сонымен қатар, ат деген сөзінің есім деген мағынасы да бар.

كلب – إآ – it – ит;

Köräk – ит: köräk teğ üärlär – иттер тәрізді үреді [2, 317 б.].

İt – ит: it ürdi – ит үрді; qalı bolsa arslanqa it başcisi – егер арыстандарды ит басқарса [2, 221 б.].

– it jil – күнтізбе, яғни 12 жылдық күнтізбе бойынша: it jil ... uca bardī – ол ит жылында қайтыс болды; it jil bir jęgirminc aj – ит жылы 11 айда.

Ит сонымен қатар адамның есімінде де қолданылады екен.

كلب الصيد – طازى – taazi – тазы (аңшылыққа арналған иттің түрі);

Avcî it – аңшылыққа арналған ит: tükäl avcî it teğ etözkä baqin – мына денеге қарашы, аңшы итіне ұқсап тұр [2, 69 б.].

كلب سيلاف – أآاز – aakaar – ит (жарысқа арналған ит түрі);

العآة – باراق – baaraaq – сабалақ ит;

كلب العمرالور – كوابالآ – kuubaalaak – ит, қора күзететін ит;

الرعيمآق – كلب الحبسن – aargiimaaq – асыл тұқымды ит;

بارلا – كلب الغارى – baarlaa – сирек жүнмен кездесетін ит;

قآنجق – كلب الحلب – qaanjiq – ұрғашы ит;

أوزعوق، أآوك، أوزوق، كوجوك – الجرو – kuujuuk, uuruuq, aanuuk, uurguuq – күшік;

طآى – مهر – taai – құлын;

Taj – 1. құлын: taj atattı – құлын ат болды; taj atatsa at tinur / оғұл eḗädsä ata tinur – құлын өссе, ат тынышталады/ ұл өссе, әкесі тынышталады; 2. жас ат: keväl mündün arqun jemä tazı taj – сен тұлпар аттарды, асыл тұқымды жылқылар мен араб тұқымды жас аттарды мінгенсің [2, 527 б.].

Сонымен қатар, осы сөздің адамның есімі ретінде де қолданылады.

إشكى – معز – ishki – ешкі;

Жинастырылған материалдар негізінде түркі халықтары ерте кезден бері малшаруашылығы, оның ішінде жылқы өсірумен айналасқан. Тілдік бірліктер арасында жылқының жасына қарай атаулары да өзгеріп отырған. Мысалы, *жабағлы* құлын *тайлақ* тайлақ, *айғыр* айғыр, *тай* тай, *қунан* қунан, *дөнен* дөнен, *қысрақ* жас бие, *қысыр қысрақ* төлдемеген бие, *бе* бие. Атап кететін жайт, қазақ халқының арасында қазіргі күнде де аттың жас атаулары ерте және ортағасырлардағы атаулармен сәйкес келеді екен. Мысалға Абай атамның шәкірті Қ. Жанатайұлының сөзінен үзінді келтірейік: «Қыр шаруасында ескерсе, жылқыны ғана ескеріп, жақсыдан *айғыр* салып, тесе мініліп ер батып кеткен арықтары болса, сол жағын ғана ескеретін» [3]. Сонымен қатар, мақал-мәтелдерден:

*Тай атқа жеткізер, Ат мұратқа жеткізер.*

*Жалғыз бие габа болмас, Жалғыз ағаш пана болмас* [4].

Лексикалық бірліктерге сараптама жасай отырып, *at* лексемасы өзінің номинативті мағынасында VIII ғасырдан бастап қолданылып келе жатыр. Білге қағанға арналған ескерткіште *at* лексемасымен мәліметтер табылған: «*ędęü özlük atın ... sansız kęlüręp – саны жоқ көптеген ... керемет сәйгүлік аттарын жеткіздік* [2, 395 б.].

Сонымен қатар, ерте кезден бері түркі халықтары балаларын *бота* деп еркелеткен екен. Берілген сөз ауыспалы мағынада Құтадғу Білік еңбегінде кездеседі. Еркелетудің осы түрі қазіргі күнге дейін қазақ халқының арасында сақталынған. Мысалы, «аталарымыздың малшылық пен аңшылық кәсібiнен iздеп, қазағымның қазiргi еркелету сөздерiне қатты әсер еткенiн байқауға болады. *Ботам, ботақаным, қошақаным, құлыншағым, шөжем, тайлағым, көжегім, бөлтірігім және тағы басқа фауна өкілдерін еркелетуде қолданған еді*» [5].

Талқыланған мәліметтерден түркі халықтары ерте кезден-ақ, яғни шамамен VIII ғасырда

12 жылдық жыл санауын қолданғанын аңғаруға болады. Мысалы, *qoĵ jil* – күнтізбе бойынша қой жылы. Осы дерек көздері Күлтегінге арналған ескерткіш тасында жазылған екен. [2, 453 б.].

Ит – жеті қазынаның бірі, Ит – адамның досы деп қазақ халқы итті қастерлеген. Осыған орай, ортағасырлық ат-Тухфа ескерткішінде де итке қатысты тілдік бірліктері мол. Мәселен, *taazi* – тазы (аңшылыққа арналған иттің түрі); *akaar* – ит (жарысқа арналған ит түрі); *baaraaq* – сабалақ ит; *kuubaalaak* – ит, қора күзететін ит; *aargiimaaq* – асыл тұқымды ит; *baarlaa* – сирек жүнмен кездесетін ит; *qaanjıq* – ұрғашы ит [6].

Қорытындылай келе, түркі халықтары ерте кезден бері малшаруашылығы негізгі шаруашылықтың көзі болған. Оған тек Л. Гумилев сынды ғалымдардың еңбегі ғана емес, тілдік бірліктер оған куә. Көшіп-қонып жүрген түркі халықтарының тұрмысына мал, әсіресе жылқы шаруашылығы кең таралған еді. Еті тағам, сүті шарап, жүні киім мен пана көзі болған малшаруашылығы түркі халықтарының мәдениеті мен тілдің лексикасына өшпестей мұра қалдырған.

#### Әдебиеттер

- 1 Гумилев Л.Н. Древние тюрки. – Кристалл, 2003. – 306 с.
- 2 Древнетюркский словарь. – Ленинград: Наука, 1969. – 677 с.
- 3 <http://abai-inst.kz/?p=135>
- 4 <http://massaget.kz/layfstayl/bilim/zharatylystanu/15173/>
- 5 <https://kozqaras.wordpress.com/>
- 6 Изысканный дар тюркскому языку (Грамматический трактат XIV в. на арабском языке). – Ташкент: Фан, 1978. – 452 с.
- 7 Мусаев К.М. Лексика тюркских языков в сравнительном освещении. – Москва: Наука, 1975. – 355 с.
- 8 Ermers R. Arabic grammars of Turkic. – Leiden, 1999. – 229 p.

#### References

- 1 Gumilev L.N. Drevnie turki. – Kristall, 2003. – 306 s.
- 2 Drevneturkski slovar. – Leningrad: Nauka, 1969. – 677 s.
- 3 <http://abai-inst.kz/?p=135>
- 4 <http://massaget.kz/layfstayl/bilim/zharatylystanu/15173/>
- 5 <https://kozqaras.wordpress.com/>
- 6 Iziskanni dar turkskomu yaziku (Grammaticheski traktat XIV v. Na arabskom yazike). – Tashkent: Fan, 1978. – 452 s.
- 7 Musaev K.M. Leksika turkskih yazikov v sravnitelnom osveshenii. – Moskva: Nauka, 1975. – 355 s.
- 8 Ermers R. Arabic grammars of Turkic. – Leiden, 1999. – 229 p.